

Мұса Шорманов - Баянауыл округінің 1854-1868 жылдарындағы аға сұлтаны, Ресей үкіметінің полковнигі, қазақ халқының белгілі ағартушысы, Орта жүз қазақтарының тарихы мен этнографиясы турасында жазылған бірнеше мақалалардың авторы. М. Шормановтың қоғамдық және ғылым жолындағы игі істерін Шоқан Уәлиханов пен орыстың белгілі ғалымы Г.Н. Потанин жоғары бағалаған. Атақты жерлесіміздің туғанына 175 жыл толуына орай Екібастұз қаласының бір көшесіне 1993 жылы оның есімі берілген.

Мұса Шорманов дүниеден өткенде атақты ғұлама философ ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеев оған арнап 330 жолдық жоқтау өлеңін шығарған.

2007 жылдың қазанында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің оқытушысы Е.К.Рахимов Томскінің мемлекеттік университетінде тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Муса Шорманов-общественный, государственный деятель и исследователь традиционной культуры казахов» деген тақырыпта диссертация қорғап шықты.

МҰСА ШОРМАНОВ



Өткен ғасырда өмір сүрген қазақ халқының біртуар зиялы тұлғаларының қатарында Мұса Шормановтың да бар екендігін бүгінгі уақыттың болмысында айтуымыз әбден орынды. Алайда, кешегі бірінді-біріңе нақақтан-нақақ жау еткен солақай «таптық саясат» науқанының ұраншыл ағымы кезінде бұл есімді қара бастың қамын ойлап жағымпаздықпен қанаушы таптың «Шынжыр балақ, шұбар төс» аталған шонжар өкілі деп қаралап келгеніміз де анық. Жансақтық түрде солай дегенде де, ал сартап болып сарғайған ескі архивтік деректер мен әдеби жазбаларға сүйене отырып зерделесек, шынында да, Мұса Шорманов тегін кісі болмағанын аңғарамыз.

Мұса Шорманов 1818 (барыс) жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы академик Қаныш Сәтбаев атындағы ауылдың жанынан ағатын Ащы өзенінің бойында ауқатты Шорман бидің жанұясында дүниеге келеді. Мұсаның шыққан арғы түп-тегі Орта жүз, Арғын оның ішінде Мейрамнан тарайды. Шежіре бойынша Мейрамнан Қуаңдық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа (Қаракесек), Қаржас деген аталар өрбіген. Осылардың ішінде Мұса Шорманов Қаржас ұрпағы болып келеді.

Қаржастан үш бала туады: Құлықе, Ерім, Бегім. Осы тұстағы сөз орайында айта кетсек, Абылай ханның ақылшысы Бұқар жырау Ерімнің шөпшегі болып келеді.

Жоғарыда аталған Қаржастың үш баласынан өркен кайсылар өркенінің мәті атасын айта келе тілігі ата-

мен «Шор маңғаз бала» деп атаса да соңынан «маңғаз» бен «маң» түбірлес сөздер болғандығынан «маңғаз» сөзі «маң» сөзіне ауысып, ал соңғы сөздегі «ң» қарыпы ауызекі айтыла келе «н» қарыпына өзгереді. Сонымен бала бидің жарық дүниеге келгенде құлағына азан айтып, әкесі қойған аты - Жұмабай бұдан былай ел ішінде мүлдем аталмай, ол енді мәңгі-бақи «Шорман» деген лақап атқа ие болады. Жұмабай туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: «Бас қосылған жерде әңгіме сөзге кірісіп, аттыға жоқ жаяуға сөз бермей «Шорман бұлбұл» атанған екен», - деп жазады. Шорманды ақылды, әділ би ретінде бағалаған жұрт бастарына түскен іс жайлы ақылдасып, кеңес сұрап отырған. Оның шешімі ауылдастары үшін заң болған.

Шорман би туралы сөзімізді тұжырымдап айтар болсақ, ол өз заманының өте беделді, әйгілі шешені болғаны ақиқат. Бұлай деуімізге Шоқан Уәлихановтың мына сөзі орынды дәлел бола алады: «Әсіресе халық арасында белгілі билер: Айдабол тегінде- Шоң, ал Қаржаста ақылы мен айлакерлігінен шешен (ақылды) аталған Шорман. Сирек тілмарлық қабілетіне ие болып, 14 жасында-ақ елінің бас биі саналған Шорман Уәли ханның алдында өзінің аталастарын асқан абыроймен қорғап қалады» (қараңыз: Ч.Ч. Валиханов. Соб. соч. в. пяти томах. Алма-Ата 2-ші том, 309-бет).

Шорман би өз өмірінде белгілі Керей, Тоқсаң, Ақтайлақ, Тіпеші Қуандық Байлапы, Қанжығалы Сағдуллақ сияқты

Мұса ауылдық медреседе қадымша оқып сауатын ашады. Сонымен бірге ол өздігінен әкесінің қызметінде жүрген тілмаштың көмегімен орыс әліппесін үйреніп, сол тілде бірсыдырғы түсініп, сөйлейтін болады. Осындай жақсы дайындығы бар Мұсаны 1834 жылы Шорман би Сібірдегі жалпы білім беретін сол кездегі үлкен оқу орыны саналатын Омбының Азиялық әскери училищесіне оқуға береді. Мұнда оқыған төрт жыл ішінде Мұса терең білім алып, орыс әдебиеті мен мәдениеті, тарих, география, математика т.б. ғылымдарды оқып өз заманының алдыңғы қатарлы азаматы болып шығады. Мұса Омбы училищесін бітіргенде орыстың ауызекі тілін жақсы меңгеріп шығумен қатар француз тілінде де сөйлей алатын қабілеті болған.

Мұса Шорманов 1840 жылы Баянауыл округтік приказының (дуанының) заседателі қызметін атқаруға кіріседі. 1838 жылы орыс патшасы бекіткен «Сібірлік» қазақтарды басқару жүйесі туралы ерекше ережесіне сәйкес дуан басқармасының штаттық қызметінде аға сұлтаннан басқа үш орыс, екі қазақ заседателі болуы шарт болатын ды. Мұндағы үш орыс заседателі қызметіне сайлаусыз тікелей облыстық әскери губернатордың жарлығымен тағайындалатын болғанда, ал, екі қазақ заседателінің орынына болыстар мен билердің сайлауында жеңіп шыққан екі құрметті адам облыстық әскери губернатордың жарлығымен бекіген

Жоғарыда аталған Қаржастың үш баласынан өркен жайғандар өздерінің жеті атасын айта келе түпкі атасы Қаржасты ұмытпайды, мақтан етеді. Мұндай ата есімін ардақтау, қазақта мәдениеттілік, зиялылық, адамгершіліктің белгісі есептелсе, атақты ақын А.С.Пушкин: «Өз ата-бабаңның даңқын мақтан ету қажеттілік қана емес, бұл міндетті де.»- деп жазса, басқа елде де бұрын осы дәстүр болғанын байқаймыз. Өкінішке орай, бүгінде арамызда өлі де өзінің үшінші атасынан ары қарай білмейтіндер де кездеседі. Бұл орайда қазақта ғибрат боларлық «жеті атасын білмеген - жетесіз» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Қаржастың Құлықесінен - Телі, одан Анай, туады, Анайдың Мырзағұлынан Сәти батыр туған. Сәтидің балалары: Байкісі, Күшік, Жанкісі. Осы өңгіменің желісінде Қаржас ұрпақтарының өміріне қатысты біраз деректерге де тоқталып өтелік. Мысалы, Қаржас аталы елдің жасақтары Қаратаудың бір шатқалында жоңғар басқыншыларына қарсы болған қиян-кескі айқаста асқан өрлік көрсетіп, жауға соққы береді. Осы оқиғаға байланысты сол Қаратаудың ішінде бүгінгі ұрпаққа аманат, тарихи белгі болып қалған «Қаржас қамал» деген жер бар. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған зарлы заманда Қаржастың ұрпақтары лажсыздан жан сауғалап Түркістан аймағынан Тәжіктердің Ходжент мекеніне қоныс аударып, мұнда біраз жыл тұрғаннан кейін Сәтидің бастауымен 1729 жылы Баянауылға келіп орныққан-ды. Сәтидің ер жеткен үш ұлы (Байкісі, Күшік, Жанкісі) Баянаула жеріндегі өулиелі Қызылтаудың маңында жаздың бір күнінде салт атты келе жатқандарында туралап түскен жай оғынан опат болады. Осы қайғылы кездейсоқ оқиғаға орай бұл араны кейін жұрт «Үш қасқа» деп атап кеткен. Сәти үш баласының денелерін Құл Қожа Ахмет Иасауи ғимаратына апарып жерлейді.

Сол опат болған үш жігіттің бірі Күшік жанұясында 1788 жылы дүниеге Жұмабай атты бала келеді. Бұл бала жасынан терең ойлы, өткір тілді, бір бетті болып ерте жұрт көзіне түсіп, ауызға ілігеді. Жұмабай 13 жасқа толмай өкеден жетім қалып, кәрі әжесі мен анасының тәрбиесінде өседі. Жұмабайдың сол кезде айтқан мынадай бір тапқырлық сөзі елдегілердің жадында сақталып, бүгінге дейін жетіп отыр. Ол - мынадай өңгіме сөз еді. Күшіктің жесір әйелінің үйіне жолаушылап келе жатқан бейтаныс қарт адам ат басын тіреген екен. Сонда әжесі мен анасының жолаушыға нәмді береміз деп қонақасынан қысылып, қатты дағдарып қалғанын сезген Жұмабай лезде қарттың алдына дастарханды жайып жіберіп, үстіне қазанда өздері ішуге қайнатып жатқан сүттен бір тостағанын құйып алып, қояды да: «Қаптың түбі қағылды, бетке күйе жағылды, мынау тұрған ыстық сүт, суытпай жұт»,- депті.

Өзіне табиғи біткен ділмарлық дарынының арқасында Жұмабай ауыл ішіндегі жеке адамдар арасындағы талас-тартысты шешуге әділ төрелік айтып бала би атанады. Міне, осындай шақта кім екені бүгінде бізге бейәміл ақылгөй қария бала бидің ел арасын бүлдірерлік бір дауды дұрыс шешкеніне дән риза болып, оған жиналған көпшілік алдында: «Қарағым, жас та болсаң қажыр-қайратың айбалтаның жүзі батпайтын қайың шордың қаттылығына пара-пар, маңғаздығың ақылыңа сай өрекше жаратылған жан екенсің. Түбінде дүйім халқың таныған уәлі шешен боларсың. Бақытты бол шор маңғаз балам. Әумин»,-деп ақ батасын беріпті. Қарияның осы аталы сөзінен кейін Жұмабайды жұрт алды-

Шорман би өз өмірінде белгілі Керей, Тоқсаң, Ақтайлақ, Тіленші, Қуандық Байдалы, Қанжығалы Саққұлақ сияқты билермен, Қуандық Құдайменде төремен, Қаңлы Тәбітай шешенмен сөз қақтығысады.

Шорманның шешендік сөздерінің бізге, кейінгі ұрпаққа үзік-жұрнағы ғана жетіп отырғаны анық. Әлі де болса оның халық жадында сақталған, бірақ хатталмаған шешендік сөздері баршылық. Тек соларды мұқият жинап алуды ұйымдастыра білсек! Шорманның бүгінде қолда бар шешендік сөздерінің ішінен біреуін ғана айтатын болсақ, ол былай депті: «Хан азарында қарашымен қас болар, бай азарында дәулетіне мас болар, молда азарында қайырекеті жоқ баймен дос болар». Осыны оқып ұлағатты адамның аузынан шыққан қандай салиқалы көрегендік сөз десеңші деп таң қаласың. Расына келгенде, Шорман айтқандай халқымен санаспаған басшы, еңбексіз мал тапқан адам, болашағын ойламаған қайырымсыз ағартушы түбінде келгенде азып-тозатынына күмән жоқ.

1822 жылғы Ресей патшалығының Орта жүз қазақтарын бөлшек-бөлшек етіп басқару жөніндегі Жарғысы бойынша Қарқаралы, Көкшетау, Аякөз, Ақмола, Аманқарағай, Баянауыл, Үшбұлақ, Көкпекті сияқты сыртқы округтер ашылып, оған тек төрелерден, яғни хан тұқымынан аға сұлтандар сайлануға тиісті болды. Алайда, осы округтердің ішінде Батыс-Сібір губернаторы Баянаула да ғана аға сұлтанды төре тұқымынан сайлай алмады.

1833 жылдың жазында құрамында 14 болысы бар Баянауыл округінің тұңғыш сұлтандығына Едігеулы Шоң би, ал оның орынбасарлығына Шорман би сайланады. Осылай болғанда патша әкімшілігі Баянауылда қалайша аға сұлтанды төреден сайламай Шоң мен Шорман сияқты қараға жол берді. Бұл жөнінде қазақтың белгілі жазушысы Қалмұқан Исабаев былай дейді: «Бұл сұраққа жауапты Батыс-Сібір губернаторының «қара» қазаққа деген «ықыласынан гөрі», оны осы шешімге ықтиярсыз иіп өкелген Шоң мен Шорман билердің тегеурінді саясатынан көрген жөн» (қараңыз: Қ.Исабаев. Қарадан сұлтан болған - «Сарыарқа самалы», Павлодар, 13 сәуір, 1991 жыл).

1835 жылы Шоң би дүниеден өткесін 1836 жылғы сәуірдің 12 жұлдызында Ресейдің) капитан деген әскери шені бар Шорман Баянауыл округінің аға сұлтандығына, ал оның орынбасары болып төре тұқымы Әлі Көкшелұлы сайланады. Осы сайлаудан кейін патша үкіметі Шорманға қалтқысыз қызметі үшін кезекті офицерлік Хорунжий шенін береді. 1837 жылдың күзінде Шорман би кенеттен қайтыс болады. Оның зираты Ақмола облысының Ерейментау ауданының жерінде. Өкінішке орай, қазақ халқының от ауызды, орақ тілді шешені Шорманның басында жазу белгісі де жоқ зираты бүгінде әбден тозығы жетіп, аяқ асты болып жатыр.

Шорман мен оның әйелі Топайдан екі қыз, төрт ұл-Зейнеп, Мұса, Мұстафа, Зейпін, Иса, Әбу Али Ибн-Сина (лақап аты Әужан) туған. Шорманның тұңғыш қызы Зейнеп Көкше өңіріндегі Аманқарағай округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханұлының әйелі, қазақтың ұлы ғалымы-Шоқанның анасы.

Шорманның елбасылық-қоғамдық қызметі, шешендік өнері әрине, оның үлкен ұлы Мұсаға әсер етпей қоймағаны белгілі. Демек, Мұсаға да бала күнінен атадан сіңген тектілік, шешендік қасиет дарыған еді. Осы қасиеттері оның 15 жасында халықтың қалауымен Төртауыл болысының басқарушысы (ауылнайы) болып сайлануына пайдасы тиеді.

билердің сайлауында жеңіп шыққан екі құрметті адам облыстық әскери губернатордың жарлығымен бекіген жағдайда ғана алынатын-ды. Батыс Сібір генерал-губернаторы П.Д.Горчаковтың жарлығымен 1850 жылғы желтоқсанның 5 жұлдызынан 1851 жылғы желтоқсанның 24 жұлдызына дейін Мұса Шорманов Баянауыл дуанының аға сұлтаны қызметінің міндетін атқарады (генерал-губернатор дуан бойынша сайлау өткізбей-ақ өз жарлығымен аға сұлтанның қызметін уақытша атқаратын адамды тағайындауға құқығы болған).

Мұса Шормановтың патша әкімшілігі алдындағы сіңірген көпжылдық еңбегі жоғары бағаланып, оған 1853 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Гасфордтың бұйрығымен Хорунжий әскери шені беріледі.

Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивіндегі дерек бойынша Мұсаның 1854 жылғы мүлтік ауқаттылығын көрсетер болсақ, оның иелігінде 400 жылқы, 11 сүтті сиыр, 300 қой болған. 1854 жылдың жазында Баянауыл жерінде өз беттерімен басып кірген Қытайдың алтын кенін іздеушілерін Ресейдің мемлекеттік шекарасынан қуып шығарған полковник

Гутковскийдың әскери отрядына жасаған ерекше көмегі үшін Мұсаға кезекті офицерлік сотник шені беріледі. Осы жылы жергілікті халықтың сайлауы негізінде Мұсаны Батыс-Сібір генерал-губернаторы, генерал-лейтенант Г.Х.Гасфорд Баянауыл дуанының аға сұлтандығына бекітуге үкім шығарады. 1855 жылдың қаңтарында Мұса Шорманов император Николай-1 рұқсатымен алғашқы рет Петербург қаласына барады. Мұнда оған офицерлік дәреженің кезекті сатысы есаул шені беріледі.

1855 жылдың ақпанында кенеттен Николай-1 патша қайтыс болып, таққа оның үлкен ұлы Александр-2 отырады. Оның таққа отыру салтанатты ресіміне қатысу мақсатымен 1855 жылдың наурызында Сібірлік қазақтар облысының 8 адамнан тұратын тобы Петербургке келеді. Бұл топтың ішінде Сібір қазақтары облысы басқармасының кеңесші подполковник Шыңғыс Уәлиұлы, Баянауыл дуанының аға сұлтаны Мұса Шорманов, Ақмола дуанының аға сұлтаны Ыбырай Жайықбаев, Ақмола дуанының сұлтаны Бегалы Қоңырқұлжин, Баянауыл дуанының заседателі, Хорунжий Секербай Ақпанов (Айдабол Мөлгелді тегі), Ақмола дуанындағы Әлеке-Байдалы болысының ауылнайы Аққошқар Кішкентаев, Қарқаралы дуанындағы Нұрбике-Шаншар болысының биі Тәтгімбет Қазанғапұлы, Көкшетау дуанындағы Есенбай-Қараул болысының Шөбек Байсарыұлы бар еді. Салтанатқа қатысқан күннің ертеңінде, яғни 23-жұлдызында Мұса Шорманов император Александр екіншінің жеке қабылдауында болады. 1856 жылдың тамызында Александр екінші өзіне тәж кигізу жорасына қатысқанына байланысты Мұсаға әскери майор шенін береді, ал келесі подполковник шенін ол 1863 жылы алады. Мұса Шорманов 5 рет сайлаудан мүдірмей өтіп, 15 жылға жуық Баянауыл дуанында аға сұлтан қызметін атқарады. 1868 жылы өткен сайлауда Батыс-Сібір генерал-губернаторы А.П.Хрущов Мұсаны аға сұлтандыққа өткізбей тастайды. Мұсаға 1869 жылы императордың бұйрығымен полковник шені беріліп, қызметтен босаған күнде мемлекет қазынасынан жылына 300 рубль өмірлік зейнетақы тағайындалады.

(басы, жалғасы келесі санда).

Екібастұз қаласының құрметті азаматы
Серік ЖАҚСЫБАЕВ,

МҰСА ШОРМАНОВ

Соңы, басы өткен санда.

Аға сұлтандық қызметтен кеткеннен кейін Мұса Шорманов біраз жыл Омбы қаласында Батыс-Сібір генерал-губернаторы әкімшілігінің жанындағы қазақ өкілі ретінде кеңсе қызметкері болып жұмыс істейді. Мұнда жүргенде ол орыстың зиялы адамдарымен жақын қатынаста жүріп, оларға өзінің алғыр ақылымен қазақтың бірегей азаматы санатында танылды.

Әкімшілік қызметтерде сіңірген еңбегі жоғары бағаланған Мұса Шормановқа патша үкіметі өртүрлі дәрежедегі наградалар береді. Олардың ішінде мақтау қағаздары, күміс ыдыстар, мақпал шапан, алтын жалатылған күміс ыдыстар, Аннинскі лентасымен мойынға тағатын алтын медаль, алтын жүзік, гауһар тасы бар әшекейлі заттар, төж кию салтанатының медалі, Андреев лентасына тағылған ашық қола меделі, екінші дәрежелі Станислав ордені, императордың бейнесі салынған алмас көзді жүзік, алтын жалатқан күміс күбіше, Александр екінші, Батыс-Сібір қазақтары облысының әскери губернаторының бұйрықтарымен жарияланған алғыстар, «Жұмыстағы ынтасы үшін» сияқты медальдар бар еді.

Әттегені-ай дегенде, осыншама наградалардың барлығы 1928 жылы Баянауылда «Қанаушы тап» саясатымен жүргізілген науқанда Шормановтар әулетінің мал-мүлкі тәркіленіп, ал олардың жанұяларын жер аударған кезде мүлдем жоғалып кеткен. Бүгінде Мұса Шормановтан қалған жалғыз ғана тарихи белгі-оның жеке мөрі Қарағанды қаласында тұратын Діншеұлы Бақыттың (Мұсаның шөпшегі) қолында.

Мұса Шорманов ел басқару жұмысында әкесінен көрген әділ жолмен жүріп, қолындағы патша таралынан берілген ресми билікті Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңының негізгі ережелеріне сәйкестіре орынды пайдалана отырып, өз дуанындағы халықтың әл-ауқатын жақсартуға аз да болса сабағаты тиерліктей етіп жүргізе білуі мен өміршең істерге мұрындық болуы арқасында ел ішінде аса қадірлі адам болған.

Мұнымен қатар ол ел арасындағы дау-жанжалды шешуде өте-мөте әділ болып, барымташылық пен ұрлық-қарлыққа тыйым салу жолында да көптеген жұмыстар істеп, жарлы-жақынбайға, жетім-жесірге, көріп-ғасүрге әрдайым жақсылық жасап отырған. Сондықтан да болар, жалпы Арқа елі оны халқының қамын жақсарту жолында бір мысқалдай болса да атқарған іс-әрекеттері үшін асқан сүйіспеншілікпен «Мұса мырза» деп атағаны мәлім.

ертегіңізді жинап, толықтырған соң кешіктірмей салып жіберемін» деген. Сондай-ақ архивте оның немересі Махсұтқа «табиғаттану тарихы» атты кітапты жібергені үшін Потаниннің зайыбы А.В.Потанинаға алғыс айтып жазған хаттары сақталған.

Сонымен бірге Мұса мырза Санкт-Петербургтың, Москваның, Париждың, Гамбургтың музейлерінде тұрған мүліктер мен архив сөрелерінде тұрған фольклорлық мұралардың ұрпаққа аманат болуына кезінде белсене ат салысқан. Атап айтқанда, ол қазақ халқының қолданбалы өнерінен, өзі өсірген далалық асыл тұқымды жылқыларынан Петербургке, Москвада болған этнографтардың бүкілқоғамдық (1861ж.), Парижде өткен дүниежүзілік (1867ж.), Москвада ұйымдастырылған Бүкілресейлік өндірістік-көркем (1881ж.) көрмелерге, Гамбургтың тарихи музейіне экспонаттар жібереді. Мысалы, Санкт-Петербургтегі Ресейдің Орталық тарихи архивінде полковник Мұса Шормановтың 1881 жылы Москвада өткен Бүкілресейлік өндірістік-көркем өнер көрмеге жіберген 32 мүліктің тізімі жазылған құжат бар. Олардың ішінде жарғақ, шекпен, кісе, ер-тоқым, киіз үйдің жабдықтары, алтын мен күміс әшекейлі жаға, төрт түлік малдың жүндері, бояу жасайтын шөптер, (ермен, қына, атқұлақ, ойраншөп, томар бояу) сияқты заттар бар.

Шорманов қазақ өмірінің білімпазы болып қана қоймай, өз ұлтының өмірін шет жұртқа таныстыру мақсатымен сол кезде шығып тұратын орыс баспасөздеріне этнографиялық, тарихи, әдеби-зерттеу материалдарын да беріп тұрған. Осылардың ішінде оның «Қазақтардың қайтыс болғандарын еске алуы», «Қыстау, немесе қазақтардың қысқы орынға көшуі», «Павлодар уезіндегі қазақтар туралы», «Қазақтардың мал шаруашылығы хақында» атты мақалалары туған халқы өмірін әр қырынан көрсетуге арналған.

Айтылған сөздердің сұлбасын қорыта келгенде Мұса Шормановты XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың этнографы деуіміз орынды болады.

Әңгімеміздің осы тұсында көңіл аударарлық бір жайтқа тоқталып өтудің реті келгендей. 1993 жылы Алматыда өткен дүниежүзі қазақтарының құрылтайы кезінде А.Қастеев атындағы бейнелеу өнері музейінде «Санкт-Петербург музейінен сұрыпталып алынған қазақтардың дәстүрлік мәдениеті» деген көрме ұйымдастырылған еді. Мұнда Ұлы Петр атындағы Ресей Ғылым академиясының антропологиялық және



май, өрескел білімсіз күйде қалуы мүмкін», - деп жазады. Ақыры 1884 жылдың аяғында көшпелі гимназия ашу сөтінің үміті жылтырап, бұл мәселенің жоспарын қарау жөнінде Омбыдан хабар жетіп, Мұса желтоқсан айының сақылдаған сары аязында жеделдетіп жолға шығады. Бірақ ол арманына жете алмады. Генерал-губернатордың қабылдауына жеткізбей жергілікті өзіне қарсы есімі бізге беймәлім бір Омбы қаласының чиновнигінің жасаған қастандығының құрбандығына шалынып, желтоқсанның 26-жұлдызында Мұса мырза тамақтан уланып, кенеттен қайтыс болады. Генерал-губернатор Г.А.Колпаковскийдің рұқсатымен денесін

Жасынан ер нерсені айыра байқағыш болып, табиғат жаратылысының қыр-сырын да тани білген Мұса жер қойнауында қандай пайдалы қазба барын сол жерде өсіп тұрған шөптерге қарап айыра білетін-ді. Мысалы, ол 1844 жылы Баянауыл мекенінің оңтүстік-батысында 40 шақырым қашықтықтағы Ащы сор көлінің жағасында мыс кенінің барын анықтаған еді. Жалпы оның ойында пайдалы қазбаларды халық игілігіне айналдыру да бар еді. Алайда оның бұл талабының орындалуына патша өкіметінің өкімшілігі жол бермеді. Біздің бұлай деуімізге Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұрағатының 209 қорында жатқан Алтайдың тау-кен басқармасының 1856 жылғы іс-қағаздарында: «1856 жылы Алтайдың тау-кен басқармасының бастығы Ресейдің Қаржы министрінің нұсқауына байланысты Баянауыл округінің аға сұлтаны Мұса Шормановқа алтын мен мыс кендерін өндіруге келісім бермеді», - деп жазылған дерек толық айғақ бола алады.

Мұса мырза жартылай көшпелі елдің халқын егін шаруашылығымен айналысуға тарта бастап, ауылда орыс қаласындағыдай ағаш үйлерді салуды да бастады. Бұл жұмысты ол өзінің қыстауы Ақкелін мекенінен (қазіргі Теңдік ауылы) бастап, мұнда 6 ағаш үй салдырады. Ал оның бөренеден салынған алты бөлмесінің қабырғасындағы сөрелерде қазақ, орыс, татар, араб, француз тілдерінде шыққан кітаптар мен мерзімді басылымдар болыпты. Осындай бай дүниелер байларды тәркілеу кезінде талан-таражға түсіп жоқ болса, ал ағаш үйлер бұзылып, олардың бөренелерін кім-көрінген жан-жаққа тасымалдап алып кеткен.

Мұса Шарманов өзінің туған жиені Шоқан Уәлихановты бала кезінен өте жақсы көріп, оның орысша білім алып, ғалым болуына рухани жақтан да, материалдық жақтан да сүйеніші болғандығына Шоқанның еңбектері айғақ.

Орыстың белгілі географ, этнограф, фольклоршы, саяхатшы, түрік-монғол мәдениетін зерттеуші ғалым Н.Г.Потанин «Колокол» газетінде, «Русское богатство» журналында Мұса Шормановты тума талант, қазақ өмірін жетік білетін, бөлсенді, білімді адам ғана емес, ол еуропа мәдениетін игерген, Омбы қаласының балдарында қолдарына жұқа ақ қолғап киіп, орыс әйелдерін биге шақыратын бірден-бір қазақ екенін талай жазған.

Мұсаның Шоқаннан ой-пікірі алшақ болмаған. Ол үнемі жиенімен көңесіп, рухани бағыт алып отырған. Оның Шоқанмен кездесуі көбінде Омбыда болатын. Ал Шоқан Шормановтар ауылында екі рет: алғашқыда Омбы кадет корпусында оқып жүргенде, кейін 1855 жылдың жазында, Жетісу сапарынан соң болған. Осындай кездесулерде Мұса өзі білетін халықтың ауыз әдебиетіндегі інжу-маржандарды, эпостық жырлар, әңгімелер, мақал-мәтелдер жинап, жиеніне беріп отырған. Кейін Шоқан қайтыс болған соң ол бұл жұмысын одан өрі жалғастырып, жинағандарын Шоқанның достары Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев, Н.Ф.Костылецкий, қазақ этнографиясын зерттеуші А.К.Гейнске жіберіп отырған.

1881 жылғы желтоқсанның 7-жұлдызында Потанинге жазған бір хатында Мұса мырза оған «Сұраған

этнографиялық музейі (Кунсткамера) мен Ресейдің этнографиялық музейінен әкелінген заттар қойылғанды. Бұл заттардың ішінде кезінде Мұса Шорманов тапсырған экспонаттар бар болып шығады. Ұлы аталарының осы заттарын Алматыда тұратын ұрпақтары келіп көргенде олардың, бір жағынан, Кеңес үкіметі кезінде Шормановтар өулетінің әділетсіздіктен жәбір шеккендігіне көңілдері бұзылып; екінші жағынан, тарих шындығын ешкімнің де жасыра алмайтындығына қуанғандай жағдайлары тұрасында Ресей Ғылым академиясының Перовский атындағы Антропология және этнография музейінің ғылыми қызметкері В.А. Прищепова «Бизнес клуб» үнқағазының 1992 жылғы қарашаның 24-жұлдызындағы 22 санында «Казахи нашли своих предков» деген мақалада жазған еді. Міне, тарихқа қанша қиянат жасасаң да оның желісі үзілмек емес деген осы.

Мұса мырза ауылына қонақтап, басы Г.Н.Потанин болып, Петербург пен Омбыдан сол кездегі орыстың көптеген зиялы адамдары келіп, қазақ пен орыстың сауатты қарым-қатынас жолының негізін салған Шоқан жиені арқылы орыстың атақты жазушысы Ф.М.Достоевскиймен де қатысқан.

Сонымен бірге ол ел ішінде ит жүгіртіп, құс салу секілді сәрілік өнерлерінен де құр қалмаған. Өмірінің соңғы күніне дейін қаршыға, бүркіт, жүйрік тазы ұстап, саят жасаған. Мұндай қызықты оның Петербургтен, Омбыдан мейман болып келген достары көріп, тамашалаған.

Мұса Шорманов Батыс-Сібір генерал-губернаторы өкімшілігіне Шоқан Уәлихановтың зиратына арнаулы ескерткіш қою жөнінде бірнеше рет мәселе қояды. Ақыры оның бұл өтінішін 1880 жылы генерал-лейтенант Г.А. Колпаковский жүзеге асырды.

Ал енді Мұса мырзаның қызметін сөз еткенде, оның мынадай да жақсы жақтары бар, мысалы, ол өз дуанына қарасты тоғыз болыс елдің балаларын ауылдық медреселерде кеңінен қамтып оқытуға көп көңіл бөліп, жыл сайын әрбір болыстан бір баланы не Омбы, не Павлодар қаласындағы орыс мектебіне міндетті түрде оқуға жіберіп, Баянауыл станциясында, Павлодар, Омбы қалаларында қазақ балалары оқитын мектеп-интернаттар ашқызыған. Ол жергілікті Омбы қаласының өулетті қазақтарынан жетімдер үйіне, құдайханаға, гимназияға қаржы жинаған. Баянауылда өз қаражатына медресе салдырып, мешіт ашқан. Ол өзінің көп уақытын қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өмірін жақсартуға арналған жобаларға жұмсайтын. Өмірінің соңғы жылдарында ол Баянауыл дуанында қазақ балаларына арнап көшпелі тұрмысқа бейімделген дала гимназияларын ашпақ ойы болған. Бұл ойы жөнінде ол Потанин мен К.К.Гутковский арқылы Сібір қазақтары облысының басқармасының алдына мәселе қояды. 1881 жылы Мұса Шорманов Г.Н.Потанинге жазған хатында: «Құрметтім, сіздің өзіңіз қолға алған, көшпелі гимназия туралы жасаған баяндамаңызды бізге жібере алмас па екенсіз? Әйтпесе, қазақ халқы надандық шырмауынан шыға ал-

ақкелін қыстауына әкеліп, 1000 жылғы қаңтардың 1-жұлдызында жамбасы жерге тиеді.

Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша 1885 жылғы шілденің 18-23 жұлдызында Баянауылдың шүршіт-қырған мекенінде Мұса Шормановқа ас беріледі. Оған Павлодар, Семей, Өскемен, Қарқаралы, Зайсан, Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Қызылжар мен Омбы уездерінің 10 мыңнан аса қазақтары қатысып, 100 киіз үй тігіліп, есте қаларлық үлкен жиын болады.

Мұса Шормановтың қазақ халқының ортасында алатын орны тұрасында Біржан сал Қожағұлұлы, Абай Құнанбаев, қанжығалы Сарықұлақ би, ақын Шөже, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Сегіз сері Баһрамұлы ел аузында бүгінге дейін сақталған шынайы аталы пікірлер айтқан. Солардың бір-екеуін мысалаға келтірелік. Алшын елінің батыры Жанғабыл Төлегенұлы Сегіз сері Баһрамұлынан:

- Батыр, Сарыарқада Мұса, Сәтбай, Алшынбай, Құнанбай, Сағынай, Сайдалы дегендер бар екен, олар қандай адамдар, - депті.

Сонда Сегіз сері Жанғабылға:

- Айтайын, Жанғабылым, олар сондай адамдар: құйса толмайды, толса аспайды, - дейді.

Ұлы ақынымыз Абай 1885 жылы Мұса Шормановтың баласы Сәдуақыстың әкесінің асына шақырған хатына қайырма жауабы: «Мұса мырза Арғын баласының ішінде қолынан іс, тілінен май тамызатын адам еді. Жана туып келе жатқан заманның қатпарлы құбылыстарын түсінген адам еді. Барамын. Басына құран оқимын. Асында боламын!», - дейді. Алайда ас берілетін кезде кенеттен Құнанбай қажы ауырып қалып, дүниеден өтеді.

Ал, Біржан сал өзінің «Шорманның Мұсасына» деген өлеңінде: «Ассалаумағалейкум, атың Мұса, Жүзінді бір көруге едім құса! Қуандық, Сүйіндіктің қазығысың, Көшегі өтіп кеткен әкеге ұқса», - деп жырлаған еді.

Осындай тарихи деректерге қарағанда Мұса Шормановтың кейбіреулердің теріс түсінігінше ол шонжар тұқымының өкілі ретінде, соның мұңын жоқтаушы емес, халқымыздың әдебиетін, әдеп-ғұрпын сүйіп, оның гүлдене беруі үшін күрескен, орыстың зиялы, демократиялық өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болған, сүйікті ғалымымыз Шоқан Уәлихановпен туыстас қана емес, идеялас, бағыты бір адам болғанын білеміз. Олай болса бүгінгі ұрпақ оның есімін қадір тұтып, оның туғанына 190 жыл толу мерейтойын орынды түрде атап өткен жөн екенін айтқым келеді.

Сөз соңында кезінде қазақша, орысша сауатты, озық ойлы адам болған Мұса мырза салып кеткен игі істердің тербиелік сілемімен Баянаула өңірінде күні бүгінге дейін қазақ жастарының өнер-білімге деген құштарлығының үзілмей өрбуі арқасында ақын Қабдікәрім Ыдырысов айтқандай «ұлдары көпке өйгілі» болып отыр емес пе деуге болады.

Соңы.

Серік ЖАҚСЫБАЕВ,
Екібастұз қаласының құрметті азаматы.